

Н ТУЫ

КОМИТЕТИНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
РОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТИНІҢ ГАЗЕТИ

3 январь Жұма

шығуына 32 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Ғой шаруашылығын мықтап өркендету үшін, әрбір колхоз бен совхоз отандық өнеркәсібімізді бағалы шикізатпен қамтамасыз ету ісіне өз үлестерін көп қосу үшін социалистік жарысты кеңінен өрістетейік!

Ілінше ы іс

шылығын өркендету үшін басты шарты бойында көптеген партия ұйымы бұл мәселеге баса назар аударып отыр. Талдықорған облысында 1951 жылдың басында ғана колхоздың жұмысын қой жұмсалған. Ойлар талан-таражға қалғанын Калинин аймағында 610 қозы, Талдықорған облысындағы жұмысшылардың саулық талан-таражға қалғанын көрсетеді. Талдықорған облысының партия комитеті мен облыстық комитеті қойдың қалай өсірілетініне бейқам емес. Мұндай іске қол жеткізіп бермеуіміз қажет. Осыған байланысты қой шаруашылығын өркендету мә-

Жоғары сапалы өнім бригадасы

Жүк вагондарын күрделі жөндеу цехындағы жас бригадир Гариф Қажыуәлиев жолдасты депония барлық жұмысшылары жақсы біледі. Вагондарды жөндеу жоспарын орындау және жоғары сапалы өнім шығару үшін күресе отырып, оның бригадасы бірнеше ай бойына бірінші орынға не болып келеді.

Гариф Қажыуәлиевтің бригадасында 6 адам жұмыс істейді. Олардың әрдайымы бір-біріне жұмыста көмектесіп, ақау жібермеу үшін күш жұмсауда. Бұл істе, әсіресе, әрбір жұмысшының слесарь және ағаш шебері мамандығын жақсы меңгеруі көп әсер етуде.

Люблиндік жаңашылдар А. Жандарова мен О. Агафонова өндірістік операцияларды сапалы орындау жолындағы социалистік жарысты ұйымдастыру туралы ұсыныс жасағанда, Петропавлдағы вагон депосында бұл бастаманы бірінші болып қосағандардың бірі Қажыуәлиевтің бригадасы болды. Бригада мүшелері әрбір өндірістік операцияны жоғары сапалы орындау жөнінде міндеттемелер алып, оларды іс жүзінде орындауға жетісуде. Мәселен, декабрь айында бригада мүшелері барлық вагондардың 75 процентін жоғары сапалы жөндеді. Ағаш шеберлері Завгородний, Пантелеенко, слес-

Көктемгі егіске әзірлік мейлінше күшейтілсін!

☆ Көктем қамын ерте ойлаған колхозда ☆


Қазақ ССР Министрлер Советі мен ҚКЕ(б)П Орталық Комитетінің колхоздар мен совхоздарда егін шығымдылығын арттыру жөніндегі қаулысына жауап ретінде Ленин ауданының Сталин атындағы колхоз мүшелері көктемгі егіске әзірлік жұмыстарын ойдағыдай жүргізіп келеді. Мұнда құйылған тұқым қоры толық тазалануға жуық. Әбден тазаланып, себу дәрежесіне жеткізілген тұқымдық дән жақсы жабықталған қоймаларда сақталуда.

Колхоз егіншілері жалғыз мұнымен қанағаттанып отырған жоқ. Олар мұнымен бірге, егістік алаңдарға қар тоқтату және оларды жергілікті тыңайтқыштармен тыңайтуға әзірлену ісін де өз дәрежесінде ұйымдастыруда. Мәселен, қар тоқтатуда күн сайын 30 адам жұмыс істейді. Олар бірнеше гектар егістік алаңдарға қар тоқтатады және қар тоқтататын қалқандар орнатады. Осының нәтижесінде қазірдің өзінде 1092 гектар егістік алаңға қар тоқтатылды.

Қар тоқтатуға колхозшылар А. П.

жолындағы күресте жанамай еңбек етіп жүрген колхозшылардың бірі. Бұларға егістік жерлерді тыңайтатын жергілікті тыңайтқыштарды жыйнау тапсырылған еді. Олар өздеріне жүктелген өлді міндеттемені аброймен орындауда. Олар 90 тоннаға жуық көң жыйнап, оны егіс басына жеткізді. Сол сияқты, колхозшылар Е. Новоселова және М. Лукина жолдастар да 44 центнер күл, 11 центнердей күс сақырығын жыйнады.

Колхозда тіркеу саймандарын жөндеу тіні арнаулы бригада бар. Оған күндік, бескүндік жұмыс графикі тағайындалып берілген. Науқан басталғаннан бері бұл бригаданың мүшелері социалистік жарысты кеңінен өрісету нәтижесінде еңбек өнімділігін арттырып, графикті дәлме дәл орындап келеді. Жұмыстың бұл участегінде ұсталар А. Куктуруда, И. Козерук және Е. Дорошенко жолдастар қажырлы еңбегімен басқаларға үлгі көрсетіп жүр. Сменалық жұмыс нормаларын үнемі асыра орындау бұлардың әдетіне



Петропавл МТС-нің жөндеу мастерско-

тың себебін қой шаруашылығын өркендетуге, әсіресе биязы жүнді және жартылай биязы жүнді қой шаруашылығын өркендетуге ерекше көңіл бөлген Қазақстан коммунист (большевиктер) Партиясының V съезі толық анықтап берді.

Республикада қой шаруашылығын өркендетудің мүлде қанағаттанғысыз болуы ең алдымен көп аудандардың қой шаруашылығын бағаламауынан және осындай маңызды іске жергілікті партия, совет және ауылшаруашылық орындары басшыларының, колхоз басқармалары мен бастауыш партия ұйымдарының, совхоз директорларының тарапынан қамқорлықтың жоқтығынан болды. Мұндай кемшіліктің орын алуы Шығыс Қазақстан облысының колхоздарында қойдың едәуір бөлегінің быйылғы қыста жем-шөптен және қора-жаймен қамтамасыз ұйымауына әкеліп соқты. Мұнда жемнің жартысына жуығы осы күнге дейін қысқы отарларға жеткізілген жоқ. Қабылданған график бойынша қысқы жайлымыдарға күн сайын 4.000 тонна пішен және 200 тонна қоспалы құнарлы жем жеткізу керек, ал іс жүзінде соңғы 15 күнде 7 мың тонна пішен, 300 тонна құнарлы жем ғана жеткізілді. Шығыс Қазақстан облыстық партия комитеті мен облыстық атқару комитеті осындай елеулі кемшіліктерді жою үшін батыл шаралар қолданып, қой қыстатуға басшылықты күшейтудің орнына тәзбестік жасамайға көңіл отыр. Осының өзі Шығыс Қазақстан облысы басшыларының қой шаруашылығын өркендетуге, мал қыстатуды ойдағыдай өткізуге аз қамқорлық жасайтындығын көрсетеді.

Қойларды және жас төлдерді толық

тыру қажет.

Қой қыстатуды ойдағыдай өткізуді кадрлар шешеді. Қой фермаларына коммунистерден, комсомолецтерден, таңдаулы колхозшылардан қосымша шопан кадрларын жіберу арқылы қой фермаларын нығайту — аудандық партия комитеттерінің және колхоздар мен совхоздардың бастауыш партия ұйымдарының маңызы міндеті. Фермаларда, қысқы жайлымыдарда істейтін малшылар арасында партиялық-саяси жұмысты мықтап күшейту қажет, қой шаруашылығын өркендету жолындағы шопандардың социалистік жарысын кеңінен өрістетуге қажет.

Қой санын одан әрі өсіру үшін, алынған төлдің толық сақталуын қамтамасыз ету үшін қойдың жашпай төлдеуіне әзірлікті осы бастан өрістетуге берудің, әрбір колхоз және совхоз бойынша көктемгі төл алудың жоспарын жасаудың өте зор маңызы бар. Көктемде қой қоздайтын жерлерге осы бастан қоралар салып, жем-шөп тасып беру қажет. Қосымша төл алу үшін қажетті барлық мүмкіншіліктерді пайдалануға шара қолдану қажет, қойдың өлім-жітімге ұшырауын азайту үшін қажырлы күрес жүргізу керек.

Қазақстанның қой өсірушілері! Республикамыздың қоғамдық малына миллион дараң қойлар қосайық, елімізге жоғары сапалы жүнді көп берейік!

Қой шаруашылығын мықтап өркендету үшін, әрбір колхоз бен совхоз отандық өнеркәсібімізді бағалы шикізатпен қамтамасыз ету ісіне өз үлесерің бен қосу үшін социалистік жарысты кеңінен өрістетейік!

(«Социалистік Қазақстан»ның
13 январьдағы басмақаласы).

Түркмен су қоймасы құрылысында

АШХАБАД, 15 январь. (СОТА). Түркмен бас каналы жер суару жүйелерінің құрылысына әзірлік жұмыстары кеңінен өріс алуда. Түркмен су құрылысы базасынан 80 километр жердегі Жемір тауында механикаландырылған ірі карьер жасалып жатыр. Ол құрылысты керекті материалдармен қамтамасыз ететін болады. Мұнда тас вақтағыштар орнатылып,

тұрғын үйлер салынады. Көктемде тас төселген жолдардың құрылысы басталады. Ондаған мың километр жер суару каналдарын қазып салатын жердегі орасан жұмыс механизмдердің күшімен орындалатын болады. Құрылыс жұмысына көптеген маман кадрлар керек. Бүгін Түркмен су құрылысының оқу өндірісі комбинатында сабақ басталды.

олардың бірі — Иван Писков жолда. Ол ұсынған 4 жаңа әдіс бір жыл ішінде заводтың 2800 сом қаржы үнемдеуін қамтамасыз етті. Ал, тоқарь Бондаренко жолдас тапқан жаңалықты қолдану цехта еңбек өнімін 4 есе арттырды.

А. КИСЛИЦЫНА.

оны өңдеуге жергілікті тыңайтқыштар әзірлеу жұмысы мүлдем жүргізілмей отыр. Мәселен, колхозда осы уақытқа дейін 30 гектардай ғана егістік алаңға қар тоқтатылған.

Колхоздың егістік алаңға қар тоқтатуды ойдағыдай ұйымдастыруға күш-

оның егін шабары Сенък төктерге қар жергілікті тыңайтқыш жеткіліксіз ба



ТУҒАН елім

Грузияда жаңа механизатор мамандар даярлау

ТБИЛИСИ, 15 январь. (СОТА). Бүгін Грузияның машина-трактор және машина-малшаруашылық станцияларындағы тракторшылар әзірлейтін ұшайлық курстарда сабақ басталды. Сабаққа кіріскең 975 колхозшының көпшілігі бұдан бұрын ауыл шаруашылығының тіркеу саймандарында жұмыс істегендер. Осы жылы машина-трактор және машина-мал шаруашылық станцияларындағы курстар мен механикаландыру мектептерінде 4200-ден астам тракторшылар, трактор отрядтарының бригадирлері, комбайншылар, шоферлер, ауыл шаруашылығының басқа да мамандары оқып шықпақ.

Молдавияда мелиоративтік қысқы жұмыстар

КИШИНЕВ, 15 январь. (СОТА). Молдавияда қыстың өте жылы әрі жайлылығының арқасында колхозшылар мен мелиоративтік топтар бірде-бір күн жұмыс тоқтатқан емес. Көлемі 100—150 гектар ауданды алатын 40 су қоймасы салынып жатыр. Кіші өзендерде тоған салу жұмысы басталды. Республика колхоздарында суарылатын жердің көлемі 2 мың гектарға артатын болады.

СОЦИАЛИСТІК АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ШЕБЕРЛЕРІН ДАЯРЛАЙТЫН КУРСТЕРДЕ

Еліміздің колхоздары мен совхоздарында қысқы күнгі оқу қыза түсті. Үшжылдық агротехникалық курстарда 3 миллионға жуық адамдар оқып жүр. Украинада, Грузияда, Азербайжанда, Латвия, Эстония республикаларында, Москва, Воронеж, Тамбов және Омск облыстарында оқу қызу жүргізілуде.



Қазақ ССР Министрлер Советінің бәйгесін алу үшін дәстүрлі жарысында М. Аниканова (Москва) және жеңіп шықты.

СУРЕТТЕ: Н. Аниканова мен Ю. Головченко.

(ҚазТАГ)

Жаңадан ұйымдастырылған кол бөлінбейтін қорлардың ө

БРЕСТ, 15 январь. (СОТА). Облыстың жаңадан ұйымдастырылған колхоздарында жылдық есеп жасау мен табысты бөлу басталды. Өткен жылы ауылшаруашылық артельдерінде табыс едәуір ұлғайтылды. Брест ауданының Калинин атындағы жаңадан ұйымдастырылған колхоздың жалпы табысы 1 миллионға жетті. 6 есе өс-

кен бөлінбейтін негізгі қаражат астық қоймасын, кі салынған үш торабын салды, ат тырнауыштар алды.

на 28 жыл толуы қарсаңында

Ы халықтарға ын нұрландыруда

В.

стың ішінде
я бізге дү-
және аза-
гүскен жара-
өнеркәсібі-
шұғылда-
не, бірінші
інде орын-
дықтың жү-
ыдалуының
тоқтатқанын
лшаруашы-
елге айнал-
уақыт керек

ұндай ора-
үшін өте-
дамасқа бол-

ауыр жыл-
нің даныш-
андары жү-
ер кейін ке-
ақы болған-
ұрғанда, Со-
асты.

ы, шамамен
нде Европа-
елдер деп
Францияның,
мдерін түгел
ытады. 1951
од киловатт
і. Бұл Ан-
аратын элек-

рауды, енжарлықты, біздің алға қарай
жеңіспен дамуымызға кедергі жасайтын
ескінің, еліп бара жатқанның бәрін же-
нудің шешуші құралы болып табылады.

Біздің басшы кадрларымыздың, совет
интеллигенциясының марксистік-лениндік
теорияны меңгеруі—бүкіл идеологиялық
жұмысты одан әрі жақсартудың дұрыс
жолы, бұқараға коммунистік тәрбие бе-
руді одан әрі күшейтудің жолы болып
табылады. Ленинизм—коммунизмнің сал-
танаты жолындағы күресте біздің жау-
ынгерлік туымыз, біздің рухани құра-
лымымыз.

* * *

Ленин Совет мемлекетінің сыртқы сая-
сатының негізгі, бұлжымас жолын белгі-
леп берді. Бұл жол—бейбітшілік үшін
қажырлы күрес.

АҚШ пен Англияның билеп-төстеуші
топтары бастаған империалистік лагерь
Совет Одағы мен халық демократиясы
елдеріне агрессиялық шабуылды үсті-
үстіне әзірлеуде. Империалистер ССРО-
мен келісімдер жасаудан бас тартуда,
сөйтіп, екі системаның өмір сүру мүм-
кіншілігі принципі жоққа шығарады.
Барлық елдерден американдық үстемдік-
ке көнуді талап етіп, АҚШ-тың билеп-
төстеуші топтары үшінші дүниежүзілік
соғысты әзірлеп жатыр.

Лениндік өсиеттерден айнамайтын Со-
вет Одағы бүкіл дүниежүзідегі бейбіт-
шіліктің қуатты қамалы болып отыр.
Совет мемлекеті, АҚШ пен Англияның
билеп-төстеуші топтарының арандатушы-
лық саясатына қарамастан, бес ұлы мем-
лекеттер арасында Бейбітшілік Шартын
жасасуға, қарулы күштерді қысқартуға

Институттағы қысқы сессия

Үстіміздегі жылғы 3 январьда Петро-
павлдың оқытушылар институтында қыс-
қы емтихан сессиясы басталды. Төрт
жүзге жуық жігіттер мен қыздар тарих-
тан, педагогикадан, психологиядан, гео-
графиядан, математика мен физикадан
және тіл ғылымы жөніндегі пәндерден
емтихан тапсырды. Институттың сту-
денттері мен мұғалімдер коллективі 1951
—52 оқу жылының алғашқы жартысын
жоғарғы көрсеткіштермен аяқтау үшін
күш жұмсауда.

Қысқы емтихан сессиясы— институт
өміріндегі аса жауапты кезең. Сессия-
ның ойдағыдай өтуі оған алдын-ала жә-
не барлық жарынан жақсы әзірлікке
байланысты екендігін еске ала отырып,
біз сессияға үлкен әзірлікпен кірістік.
Бұл істе кафедралар, институт советі,
партия, совет, кәсіподақ ұйымдары ас-
қан белсенділік көрсетті.

Емтихан алуға әзірлік жүргізгенде, әс-
ресе, студенттердің өздігінен жұмыс іс-
теуін ұйымдастыруға ерекше көңіл бө-
лінді. Группаларда өткізілген жыйналыс-
тарда отличник-оқушылар өздігінен жұ-
мыс істеу жөнінде тәжірибелерін ортаға
салды, сонымен бірге, оқудан кейін қал-
ған студенттерге жолдастық көмек көр-
сетті.

Сессия басталардан көп бұрын кітап-
хана, лабораториялар мен кабинеттер өз-
дерінің жұмысын қайта құрды, сөйтіп,
емтихан кезінде студенттердің таңертең-
нен көпке дейін өздеріне қажетті оқу
әдебиеттерін алып оқуына мүмкіндік ту-
рызылды, оқу залы ашылып, студенттер-
дің емтиханға дайындық жасайтын бөл-
ме жұмыс істейтін болды.

Егер өткен жылдары институтта жап-
пай мерзімінен бұрын емтихан тапсыру-
ға жол берілген болса, үстіміздегі жылы
мұндай жағдай кездеспей отыр. Кейбір
мұғалімдер осылай істемек болып байқап
көрді, бірақ, оларға деркезінде тыйым

емтихандарды алдап өткізу қарастыры-
лып, әрбір емтихан арасында студенттер-
дің ол емтиханға асықпай әзірленулеріне
мүмкіндік беретіндей етіп бос уақыт бө-
лінді.

Мәселен, тарих факультетінің 1-кур-
сында, ең алдымен, ССРО тарихына ем-
тихан алынды, оған әзірленуге 12 күн
бөлінді, одан кейін психологиядан емти-
хан тапсыруға әзірлену үшін 10 күн
уақыт бөлінді. Физика-математика фа-
культетінің 1-курсында, алдымен, матема-
тика пәнінен емтихан алынып, оған да-
йындалуға 10 күн, одан кейін Физика
пәніне 10 күн, ең соңынан емтихан
алынатын психология пәні бойынша ем-
тиханға әзірленуге 10 күн бөлінді. Осын-
дай расписаниенің жасалуы барлық
студенттерге емтиханға әзірлікті жақсы-
лап ойластыруларына мүмкіндік берді.

Декабрь айының бас кезінде-ақ кафе-
дралар өздерінің жыйналыстарында ем-
тихан билеттерін талқылап, бекітті. Мұ-
ғалімдердің назары, әсіресе, емтихан кезін-
де студенттердің біліміне дұрыс баға бе-
рлуіне аударылды.

Институтта өткізілген алғашқы емти-
хандар өткен жылдарға қарағанда бйыл
студенттердің білімі едәуір жоғарылаған-
дығы байқалды, отлично деген баға ал-
ған студенттердің саны едәуір көбейді,
төмен баға алушылар едәуір азайды. Та-
рих факультетінің екінші курсына орта
жасыр тарихы бойынша емтихан тапсыр-
ғанда 12 студент отлично деген баға ал-
ды. Олардың ішінде Н. Андреева, В.
Штанев, А. Досаева, И. Билалов және
басқалары бар. Филология бөлімінде пе-
дагогикадан 10 оқушы емтиханды от-
лично деген бағамен тапсырды.

Бұл күндерде институт коллективі
творчестволық еңбекпен өмір сүруде.
Институт дирекциясының, партия, ком-
сомол және кәсіподақ ұйымдарының мін-
деті студенттерге тағы да көбірек көңіл

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС
КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 16 январь. (СОТА). Корея
Халық-Демократиялық Республикасы Ха-
лық армиясының бас командованиесі 15
январьда былай деп хабарлады: Корея
Халық армиясының бас командованиесі
қытай халық еріктілері бөлімдерімен бір-
лесе тығыз кыймыл жасай отырып, бар-
лық майдандарда қорғаныс ұрыстарын
жүргізумен болды.

Кеше Шығыс майданның барлық учас-
токтерінде Халық армиясы бөлімдері мен
жаудың арасында атыс және жергілікті
маңызы бар ұрыстар болды. Халық ар-
миясының бөлімдері ұйымдасқан түрде
атқылап және күшті қарсылық білдіріп
жау әскерлерінің кыймылын ілгерілетпей
тасталы, жаудың бір ротасы мен екі тан-
кін жойып жіберді.

Орталық және Батыс майдандардың
жекелеген участкаларында жергілікті ма-
ңызы бар ұрыстар және барлаушылар
топтарының арасында соқтығысулар бол-
ды.

Кеше Халық армиясының зенит бөлім-
дері және жау самолетін андып атқыш-
тар елдің Шығыс және Батыс жағалау-
ларындағы бейбіт халыққа пулеметтен оқ
жаудырып, бомбалауға қатысқан самолет-
тердің ішінен жаудың 4 самолетін атып
түсірді.

АҒЫЛШЫН ИМПЕРИАЛИСТЕРІНІҢ ЕГИПЕТТЕГІ АГРЕССИЯШЫЛ ӘРЕКЕТТЕРІ

КАИР, 16 январь. (СОТА). «Аль-Ах-
рам», «Аль-Мысри» газеттерінің хабарына
қарағанда, 15 январь күні күшейтілген
ағылшын әскерлерінің бөлімдері Тель-
эль-Кебирді алу үшін үлкен әрекет жа-
сап, қаланы атқылаудың нәтижесінде бір-
неше үйлердің тас-талқанын шығарған.
Қала халқы, партизандар мен полицейлік-
тер ағылшын әскерлеріне күшті қарсылық

соғыстың қуатты елдер «оларлық», олар жер-көкке сыйғызбаған, оларға таныс, жүздеген жылдар бойы сыналған капиталистік экономика саласында кейін кетіп бара жатқанда, біз, біздің бүкіл күй-зеушілігімізге, қайыршылығымызға, артта қалушылығымызға, аштығымызға қарамастан, экономика жағынан социализмге әзірлену саласында алға қарай дамый бастадық».

Ленин жоғары дәрежеде өркендеген кәсіргі индустриасыз, жетілдірілген машина техникасысыз, электрлендірісіз социализмді ойлауға болмайды деп үйретті. Коммунизм — Совет өкметі және бүкіл елді электрлендіру — міне, лениндік ең маңызды өсиет. Лениннің өсиеттерінен айнымайтын совет халқы большевиктік партияның басшылығымен, Сталин жолдастың жетекшілігі арқасында, елімізді индустриаландырудың және ауылшаруашылығын коллективтендірудің лениндік-сталиндік жоспарын ойдағыдай жүзеге асырды. 1940 жылдың өзінде-ақ, жаңа ұлы сынның, елімізге империалистердің жаңадан шабуыл жасауының алдында-ақ, Ленин мен Сталин құрған Совет мемлекеті қуатты индустриалық-колхозды мемлекет болды. Ескі Россияның 1913 жылғы дәрежесі мен материалдық базасын Совет Одағының 1940 жылғы, дүниежүзілік екінші соғыс алдындағы дәрежесімен және материалдық мүмкіншіліктерімен салыстыра келіп, Сталин жолдас ССРО-ның ол уақытқа дейін патшалы Россияның өндірісінен шойын қорытудан — 4 еседей, болаттан — 4,5 есе, көмір өндіруден — 5,5 есе, мұнайды — 3,5 есе, товарлы астық өндіруден — 17 миллион тонна, шитты мақтадан — 3,5 есе асып түскендігін атап көрсетті.

«Бұл секіріп, үздік алға басқандық, — деп көрсетеді Сталин жолдас. — Мұның арқасында Отанымыз бұрын артта қалған елден алдыңғы қатарлы елге, ауылшаруашылықты елден индустриалы елге айналды.

Бұл тарихи өзгеріс 1928 жылдан, яғни бірінші бесжылдықтың бірінші жы-

бастау тигендігіне біз мақтануға құқылымыз және біз мақтанамыз да» (Шығармалар, 33 том. 32-33 беттер).

* * *

Ленинизм — орыс және жалпы адамзат мәдениетінің ең жоғарғы жетістігі. Маркстік-лениндік теорияны табандылықпен меңгеру — әрбір коммунистің борышы әрі міндеті.

«Дәрігер маманның онымен қатар физика немесе ботаника маманы болуының, я оның керісінше болуының қажеті жоқ, — деп үйретеді Сталин жолдас. — Бірақ ғылымның бір саласы бар, ғылымның бұл саласын білу ғылымның барлық салаларындағы большевиктерге міндет болуы тиіс, — ол қоғам туралы, қоғамның даму заңдарын, пролетарлық революцияның даму заңдарын, социалистік құрылыстың даму заңдарын, коммунизмнің жеңуін айтатын маркстік-лениндік ғылым».

Еңбекшілерді коммунистік тәрбиелеу — партия ұйымдарының аса маңызды міндеті. Партия совет адамдарында еңбекке, мемлекет мүдделеріне, социалистік меншікке коммунистік көзқарасты тәрбиелейді. Адамдардың санасындағы капитализмнің қалдықтарымен, буржуазиялық идеологияның қандай да болсын көріністеріне қарсы, буржуазиялық национализм мен космополитизмге қарсы батыл күресе отырып, большевиктер партиясы еңбекшілерді пролетарлық интернационализм, өмірге рух беруші советтік патриотизм рухында тәрбиелейді. Нәсілдер мен ұлттардың тең қарымдылығының, халықтар арасындағы достықтың лениндік-сталиндік идеологиясы совет адамдарын халықаралық қатынастарды дұрыс түсінумен қаруландырады, ССРО-ның халықтарының коммунизм құрылысыларының біртұтас туысқан семьясына топтастырады.

Ленин — Сталин партиясы еңбекшілерді өзіне және өзінің жұмысына сын көзбен қарауға үйретеді. Сын мен өзара сын, деп үйретеді бізді Сталин жолдас, біздің дамуымыздың заңы, бүкіл тоқы-

дағы өмісіміз туралы. Бейбітшілік пен демократияның ұлы лагерін бүкіл дүниежүзінде бейбітшілікті табандылықпен қорғаушы Совет Одағы бастап отыр. Бейбітшіліктің ұлы ту ұстаушысы Сталин жолдас халықтарға олардың америка соғыс өртінен тұтандырушыларға қарсы күресінде рух беріп, қарапайым адамдарға прогресстің, бейбітшілік пен демократия күштерінің реакция мен соғыстың қаратпек күштерінің сөзсіз жеңетіндіктеріне шексіз сенім беріп келеді.

Сталин жолдастың жапон халқына жіберген жаңа жылдық құттықтауын барлық елдердің еңбекшілері зор өрлеумен қарсы алды. Ол америка оккупанттары шексіз қайыршылық пен жоқшылыққа ұшыратқан жапон халқының еңсесін көтерді.

Ленин мен Сталин көрсеткен жолмен социализмді ойдағыдай орнатып жатқан халық демократиясы елдерінің еңбекшілері алға басып келеді. Ленинизмнің идеялары ұлы қытай халқына жаңа өмірдің негізін жасауға жігерлендірді. Америка агрессорларына қарсы батырлық күрес жүргізуші қаһарман корей халқы ленинизмнен, сарқылмас қайнар көздей күш алып отыр. Ленинизмнің идеялары бүкіл дүние жүзінің халықтарына жарқын болашақтың жолын, халықтардың баянды бейбітшілігінің, бостандығы мен тең қарымдылығының жолын, демократия мен социализмнің жеңісі жолын нұрландырады.

* * *

Лениннің бүкіл өмірі мен қызметі халыққа қызмет етуге жұмсалды. Ильичтің бейнесі жүз миллиондаған адамдардың жүректерінде өмір сүруде. Лениннің ісін большевиктердің ұлы партиясы алға бастырып отыр. Лениннің туын оның серігі және досы, оның ұлы ісін алға бастырушы Сталин жолдас жоғары ұстап келеді.

Лениннің туы астында, Сталин жолдастың басшылығымен совет халқы коммунизмнің толық салтанат етуіне сеніммен алға басуда.

Колхоз базарларында сауда-саттық жұмысы

1. Базарларда тек қана бөлшек сауда жүргізуге рұқсат етіледі.

2. Товарларды және ауыл шаруашылығы өнімдерін тұтас сатып алуға және үстеме баға қосып сатуға тыйым салынады.

3. Колхоз базарларында төмендегілерге сауда-саттық жұмысын жүргізуге рұқсат етіледі:

а) мемлекеттік, кооперативтік сауда орындарының (магазиндердің, павильондардың, палаткалардың, дүкендердің және дотоктардың);

б) колхоздардың, колхозшылардың, жеке шаруалардың және басқа да еңбекшілердің өздерінің ауыл шаруашылығы өндірісінен алынған өнімдерін сатуына;

в) дайын көйлек, ішкімдер, трикотаж, бас киімдер, былғары аяқ киімдерін, галантерей заттарын, жегу әбзелдерін, былғарыдан және түсті металдан жасалған заттарды қоспағанда өздерінің түрлі заттар дайындауға және дайындаған заттарын базарларда сатуға финан орындарына берген анықтамасы бар колөнершілердің.

4. Өздерінің ауылшаруашылық өнімдерін сатушы колхоздар, колхозшылар, жеке шаруалар мен қала еңбекшілері азық-түлік заттарын тұтынушыларға тікелей өздері сатуға тиіс. Базар қызметкерлерінің колхоз базарларында сатылатын азық-түлік заттарына баға тағайындауына ешқандай правосы жоқ.

5. Мемлекеттік, кооперативтік сауда орындарының сату үшін колхоздардан, колхозшылардан, жеке шаруалар мен қала азаматтарынан ауылшаруашылық өнімдерін қабылдауына тыйым салынады.

6. Базарда сауда-саттық жұмысын жүргізуші ұйымдар сауда жұмысын сауда-саттық жұмысын жүргізу туралы ережені қатаң сақтай отырып жүргізеді.

7. Базарда сауда-саттық жұмысын жүргізуші ұйымдар, колхоздар, колхозшылар, жеке шаруалар және қала еңбекшілері товарларды сатып алушыларға таза салмағымен және дұрыс өлшеп беруге міндетті.

8. Базарда сауда-саттық жұмысы жазғы маусымда таңертеңгі сағат 7-ден кешкі сағат 7-ге дейін, ал, қысқы маусымда таңертеңгі сағат 8-ден кешкі сағат 5-ке дейін жүргізіледі. Бұл сағаттарда базар маңындағы магазиндерде, палаткаларда, дүкендерде, сауда орындарында сауда-саттық жұмысы жүргізіледі.

9. Азаматтардың дарының бөлшек

тамен базарларда ларын сатуына ть

10. Мемлекеттік перациялар және алған барлық м мен палаткаларда лардың бағасы ке дүкен меңгерушісі милиясы көрсетіл керек.

11. Колхоз саттық өнімдерін ба және колхоз басқ йныца анықтала ды.

12. Мемлекеттік орындарына, колга, жеке шаруал өнімдерін сату ү Базар басқармасы

13. Товарлар м өнімдерін сату ү дай сауда орынд

а) овоштар-ови сатылады;

б) сүт өнімдері сатылады;

в) ет—сүт сатат ды;

г) өндіріс това лінген арнаулы с

д) азық-түлік және азық-түлік лады;

е) темір бұйым рушылығы өнімде —бөлінген арнау.

ж) мал, шөп, с жев бөлінеді;

14. Базар ішін жерлерден басқа ауыл шаруашылы йым салынады.

15. Товарлар м өнімдерін ет-ба сүт, ак май, ірі бақылау станция ғана сатылады.

16. Кооператив дарға, колхозшы мен қала еңбекі үшін бір жолғы ғеннен кейін өн етіледі.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы. Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1.86, партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2.36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1.33.2, корректорлар бюросы — 4.39. Газет баспасы — 0.22, газет табыс ет